

"Бәйтерек" Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорны" акционерлік қоғамын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 наурызыдағы N 207 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағында "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін құру туралы келісімді іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Оның жарғылық капиталына мемлекет 50 пайыз қатысатын "Бәйтерек" Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорны" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне құрылатын Қоғамның жарғылық капиталында Қазақстан Республикасының елу пайыз үлесін қалыптастыру үшін 2005 жылға арналған республикалық бюджетте кезек күттірмейтін шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Құрылтай шарты мен Жарғыға қол қою күніне белгілеген бағам бойынша 200000 (екі жүз мың) АҚШ долларына баламалы мөлшерде ақша бөлсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.26. N 390 қаулысымен

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті заннамада белгіленген тәртіппен:

1) "М.В. Хруничев атындағы Мемлекеттік ғарыштық ғылыми-өндірістік орталығы" федералдық мемлекеттік біртұтас кәсіпорнымен Қоғам құру туралы құрылтай шартын жасасуды;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Аэроғарыш комитетіне Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқықтарын беруді;

3) Қоғамды құру жөніндегі өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және үйымдарға қатысадын мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-күжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері респубикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-61-жолмен толықтырылсын:

"21-61 "Бәйтерек" бірлескен Қазақстан-Ресей кәсіпорны" АҚ";

2) "Респубикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулыға қосымша мынадай мазмұндағы бөліммен және реттік нөмірі 281-жолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Аэроғарыш комитетіне 281. "Бәйтерек" Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорны" АҚ";

3) "Жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 24 қазандағы N 1587 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 2000 ж., N 43, 513-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген 2006 жылға дейін акциялардың мемлекеттік пакеттері жекешелендіруге, оның ішінде жекешелендірудің алдын ала сатыларына жатпайтын акционерлік қоғамдардың тізбесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 54-жолмен толықтырылсын:

"54. "Бәйтерек" Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорны" АҚ (Астана қаласы) 50%;

4) Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.08.2022 № 581 қаулысымен.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.08.2022 № 581 қаулысымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі